

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ**

**«Ә. ҚАСТЕЕВ АТЫНДАҒЫ ҚР МЕМЛЕКЕТТІК
ӨНЕР МУЗЕЙІ» РМҚК**



**Ә. ҚАСТЕЕВ АТЫНДАҒЫ
ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ӨНЕР МУЗЕЙІНІҢ
2020 жылы
АТҚАРҒАН ЖҰМЫС ЕСЕБІ**

Алматы, 2020

Бекітемін
Ә. Қастеев атындағы
ҚР МӨМ директоры
Г.К. Шалабаева

«__» _____ 2020

ҚАСТЕЕВ АТЫНДАҒЫ ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ӨНЕР МУЗЕЙІНІҢ 2020 ЖЫЛЫ НЕГІЗГІ ҚОЛ ЖЕТКЕН ЖЕТІСТІКТЕРІ

Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінің қызметі Қазақстан Республикасының мәдени және көркемдік игіліктерін сақтауға бағытталған басты міндетін жүзеге асыруға бағытталған. Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейі өз міндетін табысты орындау үшін өз қызметін коллекцияны жинақтау және олардың есебін алу, ғылыми-зерттеу жұмысы, реставрация, қалың көрермендер аудиториясына әлемдік өнер туындыларын насихаттау сияқты қызметтің сан алуан түрінен тұратын музейдің басты міндеттерін орындауға бағытталған. Музей құрылымына қор сақтау және реставрация орталықтары, ғылыми бөлімдер, жобалау қызметі және музей педагогикасы орталығы, баспасөз қызметі, көрме және экспозиция орталығы, баспа бөлімі, техникалық қызметтер және әкімшілік аппарат кіреді. Музей жанында оның екі бөлімшесі жұмыс істейді: Орталық көрме залы және Ә. Қастеевтің Мұражай-үйі. Музей қызметінің қор, экспозиция, ғылыми, ақпараттық, білім беру, жобалау және т. б. негізгі түрлерін қамтамасыз ететін барлық құрылымдық бөлімшелердің жоспарлы және үйлесімді жұмысына негізделген.


2020 жыл COVID-19 пандемиясына байланысты әлемдік қоғамдастық үшін ауыр сынақ болды. Карантиндік шараларды енгізу және жалпы оқшаулау өмір мен жұмыстың жаңа шарттарды белгіледі. Тіпті осы ерекше жағдайларда Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ өтіп бара жатқан жылға жоспарланған бірқатар маңызды оқиғаларды жүзеге асыра алды, түрлі Интернет-ресурстардың эфирінде күнделікті шығуды қамтамасыз ете отырып, онлайн белсенді қызметін жолға қойды. Белгілі қиындықтарға қарамастан, музей үшін 2020 жыл бірқатар маңызды атаулы күндерімен есте қалды. Музей үшін 2020 жылғы басты оқиға музей коллекциясының жиналып, іргесі қалана бастаған сәтінен бастап 85 жылдық мерейтойлық датасы болды. Бірқатар маңызды жобалар жоспарланып, жүзеге асырылды. 2020 жылғы есте қалатын атаулы күндердің қатарында Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығы, онда бірқатар видеотаныстырылымдар мен виртуалдық көрме жасалды. Мерейтойлық іс-шаралар аясында Абайдың мерейтойына арналған «Абай бейнесі – Қазақстан суретшілерінің көзімен» атты ауқымды көрме өткізіліп, каталог шығарылды.

Республиканың мәдени саясатының басымдықтарын басшылыққа ала отырып, Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ өз қызметін келесі бағыттарда жүзеге асырады:

1. **2020 жылы музей бірқатар маңызды баспа жобаларын сәтті жүзеге асырды**, олардың ішінде:

- 4 қазанда Вашингтонда өткен «Қазақстанның» қолданбалы өнері және креативтік экономика» атты **Бірінші халықаралық Қазақстан-Америка ғылыми симпозиумының** материалдар жинағы. Жинаққа Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ-нің 11 қызметкерінің мақалалары мен атаулы ғылыми жобаны ұйымдастыруда серіктес болған Смитсон институты мамандарының ғылыми зерттеу материалдары кіреді;

- **Гүлмира Шалабаеваның» Евгений Сидоркин. Көркемдік әдіс онтологиясы» атты авторлық монографиясы.** (толықтырылып, екінші рет басылуы) Кітаптың таныстырылымы 2020 жылы 8 қазанда суретшінің туғанына 90 жыл толуына арналған көрме шеңберінде;



- Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жыл толуына арналған ауқымды көрме шеңберінде **«Абай: Халық даналығы»** көрмесінің каталогы;
- полностью подготовлен материал по книге **«Қазақстан өнерінің 100 жауһары»** кітабы бойынша материал толығымен әзірленді. Кітап басып шығаруға дайын.
- **«Қытай өнері».** Кітап басып шығаруға дайын.

2. **«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы.** Музей мына бағыттарда өз жұмысын жалғастыруда:

- Музей коллекциясының толық электрондық каталогын құрастыру;
- мәліметтердің электрондық базасын құрастыру;
- цифрлық 3D мұрағатын 3D модельдерімен толықтыру – жыл басынан бері 1000-нан аса бірлік;
- музей жинақтамасы бойынша Бірыңғай Мемлекеттік каталог пен бірыңғай Мемлекеттік реестрге Қазақстанның мәдени мұрасы және музейлік объектілерінің мәліметтерін беру – 11 970 (жаңа форма бойынша деректерді енгізуді және толықтыруларды ескере отырып);
- суретшілердің қолтаңбалырының деректер банкісін қалыптастыру;
- музей сайтымен және әлеуметтік сайттармен жұмыс істеу.

3. **Карантин кезіндегі онлайн-қызмет.** Карантин кезеңінде музей қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде 296 шығуды қамтамасыз етіп, рекордтық көрсеткіштерге қол жеткізді. 16 наурызда карантин жарияланғаннан кейін бірден эфирге шыққан алғашқы республикалық музей болып, музей Қазақстан мен шетелде 500 мыңнан астам адамның жалпы аудиториясын қамтып, күнделікті форматта эфирге шықты.
4. **Музейдің ақпараттық ілгерілеуі** – музейдің барлық іс-шараларын кеңінен жария ету, БАҚ-та тұрақты ақпараттық шығуларды қамтамасыз ету, музей сайтын тұрақты түрде жаңартып, толықтыру және әлеуметтік желілерде жұмыс істеу. Бір жыл ішінде БАҚ-та 337 жарияланым (оның ішінде: 108 баспа, 183 онлайн, 45 телехабар). ҚазақТВ-ның тапсырысы бойынша 5 тілге аударылып, 90 елге таратылған 12 бағдарлама бойынша «Музей тарихы» атты жаңа жоба іске қосылды.
5. **Музейдің ғылыми жұмысы.** Музей педагогикасының білім беру жобалары мен бағдарламалары 2020 жылы негізінен онлайн-хабар тарату форматына көшті. 23 қыркүйекте музейдің мерейтойына арналған жыл сайынғы "Қастеев оқулары-2020" ғылыми-практикалық конференциясы өтті. Конференцияның тақырыбы: «Әлемдік мәдени мұраны сақтауда музейлердің рөлі». Ресей мен Өзбекстаннан келген қатысушылардың арқасында іс-шара Халықаралық мәртебеге ие болды. Конференция қорытындысы бойынша жинаққа аймақтық және шетелдік музей мамандарының 39 ғылыми мақаласы енді.
Жинаққа онлайн арқылы қол жеткізімге сілтеме: <https://www.gmirk.kz/images/pdf/sbornik-k-ch-2020.pdf>
Жыл бойы музей мамандары жергілікті және шетелдік басылымдарда ғылыми жарияланымдар дайындады.
6. **Адам капиталының сапасын арттыру.** Музей қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру үшін жағдай жасау – магистратура мен докторантураға түсу, біліктілік артыру курстарынан өту. Музей карантин кезеңінде музей мамандарына арналған «Қазақстан музейлерінің қор қызметі: проблемалары және оларды шешу жолдары» атты онлайн-семинар өткізуге бастамашылық жасады. Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қызметкерлері 10 презентация дайындады, 106 өңірлік музей мамандарының семинарына қатысты, олардың 55-і тестілеу нәтижелері бойынша сертификат алды.
7. **Музейдің әлеуметтік жобалары.** Ерекше мұқтаж көрермендерді қоса алғанда, халықтың барлық топтарының музейге келуіне қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған «Қол жетімді музей» жобасын іске асыруды жалғастыру. Мүгедектерге арналған шығармашылық жобалары іске асыруға жәрдемдесу. Инклюзивтік жұмыс аясында Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ республика бойынша нашар еститін және саңырау келушілерге арналған субтитрлері бар ымдау тілінде бейнеэкскурсияның инновациялық форматын енгізген алғашқы музей болды (орыс тілінде). Эфир 16 сәуір музейдің интернет-ресурстарында.

8. **Қайырымдылық жобалары** – РФ Бас Консулдығының қолдауымен муковисцидозбен ауыратын балалардың пайдасына III қайырымдылық сауда-саттығының «Періштелер уақыты» халықаралық аукционалды көрмесі. Жобада спектакльдер мен концерттік бағдарламалар да бар (12-26 қаңтар).

9. QazaqTV телеарнасының тапсырысы бойынша «Музей тарихы» жаңа ТВ жобасы Қазақстандағы бейнелеу өнерінің іргесі қаланған кезден бүгінгі күнге дейінгі жетекші суретшілері: Ә. Қастеев, С. Калмыков, Е. Сидоркин, Қ. Телжанов, Г. Ысмайылова, А.



Ғалымбаева, С. Мәмбеев, С. Айтбаев, Ә. Сыдыханов, Ж. Шәрденев, Р. Хальфин және қазақстандық мүсіншілер жайында 12 бағдарлама көрсетілді (хронометраж 20 мин., режиссер Б. Нүсімбеков) ұсынды. Жоба Қазақстанда да, шет елдерде де танымал әрі маңызды.

10. Музейдің 85 жылдығына музейдің түрлі тарихи даму кезеңдерін, музей ісі мамандарының бірнеше буынын бейнелейтін 80-нен астам фотосурет, түрлі жылдардағы жарқын жобалар кіретін «Музей тарихы» жаңа экспозициясы ашылды. Салтанатты шара барысында музейге ҚР Мәдениет және спорт министрі А.Р. Райымқұлова келіп, Ұлт Көшбасшысы-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың, Президент Қ.К. Тоқаевтың құттықтау хаттарын табыс етті.



11. 2020 жылы 27 көрме өтті (МӨМ мен ОКЗ), оның 6-уы халықаралық (Ресей, Чехия, Германия), 2 республикалық, 9 қордан алынған.

Дүниежүзілік COVID-19 пандемиясына және қатаң карантиннің енгізілуіне байланысты төтенше жағдай кезінде музей жоспарланған кестеден шығуға мәжбүр болды. Жұмыста бірқатар өзгерістер болып, бекітілген жұмыс жоспарынан ауытқу қажеттігі туындады:

1. Пандемия кезіндегі форс-мажорлық жағдайларға байланысты музей бекітілген жоспарға өзгерістер енгізуге және виртуалды хабар таратуға басымдық бере отырып, қызметтің жаңа стратегиясын әзірлеуге мәжбүр болды. Жағдайдың қиындығына қарамастан, музей 2020 жылды табысты аяқтап, алға қойған міндеттерін орындап шықты.



Ә. ҚАСТЕЕВ АТЫНДАҒЫ ҚР МӨМ-нің КАРАНТИН КЕЗІНДЕГІ ОНЛАЙН-ЖҰМЫСЫ

Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ карантинге жабылған күннен бастап (2020 ж. 17 наурыз) көрермендерге келудің балама жолын ұсынып, толығымен онлайн-трансляция форматына ауысты. #Kasteyev_online Онлайн-хабар тарату жеке интернет-платформаларда, #oneonline және #online_da_bol платформаларында және интернет-ресурстарда, әлеуметтік платформаларда және жабық топтарда жүргізілді. Үстіміздегі жылдың 17 наурызы мен 30 маусымы аралығында карантинге дейінгі кезеңмен салыстырғанда келушілер мен өзара әрекеттесулер саны рекордтық көрсеткішке ие болған Facebook пен Instagram платформалары көпшілікке танымал. Виртуалды көрермендердің жалпы саны шетелдік аудиторияны қоса алғанда, келушілердің саны 500 мыңнан асты.

Музейдің #kasteyev_онлайн ауқымды виртуалдық жобасы орыс, қазақ, ағылшын тілдерінде 270-ке жуық шығуды қамтамасыз етті. Виртуалдық оқиғалардың форматы әртүрлілігімен ерекшеленді – видео-экскурсиялар, мультимедиялық дәрістер, виртуалдық көрмелер, бейне сабақтар мен шығармашылық шеберлік сабақтары, сонымен қатар презентациялар мен перфоманстар. Біз ересектер үшін де, балалар үшін



ПЕРЕХОДИМ НА
ОНЛАЙН-ТРАНСЛЯЦИИ

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ МУЗЕЙ ИСКУССТВ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН ИМ. А. КАСТЕЕВА

де қызықты болу үшін әр түрлі жастағы аудиторияға назар аударуға тырыстық.

Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінің онлайн-трансляциялары тоғыз тақырыптық тарауды қамтиды:

1. «Мультимедиялық ләрістер» тарауы

2. «Видео-экскурсиялар» тарауы

<https://www.gmirk.kz/ru/video-ekskursii?fbclid=IwAR1ayWDsk-PqfTUZsCLNNcXMT4zFvtrlENLYaq0I22ML8TYuyD6vN4khsUE#video-ekskursii-s-1-po-8-aprelya>

3. «Виртуалдық көрмелер» тарауы

4. «Видео-сабақтар және шығармашылық шеберлік сағаттары» тарауы

5. «Музейдің видео-қорынан деректі фильм» тарауы

6. «Телевизиялық тақырыптық сюжеттер» тарауы

7. «Бір жауһардың тарихы» тарауы

8. «Айтулы күндер күнтізбесі» тарауы

9. «Көрерменмен диалог» тарауы

Отдельным большим проектом по инициативе МКС мы организовали рубрику под названием ÖNERGE SAIAHAT, которая разработана специально для детей школьного и младшего школьного возраста, с целью организации их творческого досуга в период летних каникул.

Мәдениет және спорт министрлігінің бастамасы бойынша біз мектеп жасындағы және бастауыш мектеп жасындағы балалардың шығармашылық бос уақытын ұйымдастыру мақсатында арнайы әзірленген «Өнерге саяхат» атты айдар ұйымдастырдық.

Музейдің ONLINE хабар таратуы ішіндегі бірнеше маңызды жобаларды жеке бөліп көрсету қажет:

1. Наурызға арналған виртуалдық көрме.

2. 9 мамырға арналған «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 75 жыл» ONLINE жобасы – бір күнде 6 тақырыптық эфир.

3. ҚР МӨМ kazmuseum платформасымен бірлесіп, музей мамандарына қызметтің түрлі бағыттарында өзінің кәсіби деңгейін арттыруға мүмкіндік беретін музей қызметкерлеріне арналған онлайн-семинар өткізді.

4. 18 мамырға «Қастеев музейіндегі түн-2020» ONLINE жобасы. Бір күнде 38 тақырыптық эфир өтті, іс – шараны өткізу кезінде келушілерді қамту 9 000 астам адамды қамтыды.

<https://www.facebook.com/watch/749802218376334/2573299136256378/>

«Музей түні» акциясы – музей көрермендерінің ең сүйікті және асыға күтетін жыл оқиғаларының бірі. Ең ірі әлеуметтік желідегі біздің парақшамыз негізгі алаңға айналды (Фейсбук). Бағдарлама сағат 21.00-де басталып, 02.00-де аяқталды. Осы бес сағат ішінде көрермендер екі онлайн-алаңға: интеллектуалдық және концерттік алаңдарға бара алды. «Қастеев музейіндегі түннің» ең қызықты бөлігі «Жан біткен картиналар» шоуы болды. Біз әрі Сергей Калмыков пен қазіргі Қазақстан суретшілерінің экспозициясы бойынша виртуалдық экскурсия ұсындық. «Pygmalion галерясының раритеттері» экспозициясы блойынша

жүргізілген виртуалдық экскурсия музейдегі онлайн-түннің премьерасы болды. Бірақ көпті өзіне қаратқан осы «Жан біткен картиналар-2020» шоуы, ал осы түнгі оқиғалар арасын байланыстырушы әйгілі персонаж – музейдегі маскОт болды.

5. Халықаралық балаларды қорғау күні 1 маусым ортақ тақыптары «Жаздың түсі – балалық шақтың түсі» болған 14 тақырыптық интерактивтік эфирді біріктірді.

<https://www.facebook.com/watch/?v=281549826561665>

6. Инклюзивтік жұмыс аясында Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ республика бойынша нашар еститін және саңырау келушілерге арналған субтитрлері бар ымдау тілінде бейнеэкскурсияның инновациялық форматын енгізген алғашқы музей болды (орыс тілінде). Эфир 16 сәуір.

Карантин кезінде біз халықаралық жобаларды ұйымдастырып, өткіздік.

1. Ұлттық Әзірбайжан музейімен бірлескен «Алматы-Баку. Көктем. Еуразиялық өнер одағы» Халықаралық виртуалдық көрмесі. Көрме қол қойылған ынтымақтастық туралы меморандум аясында жүзеге асырылды және Алматы мен Бакудегі көркемсурет музейлері топтамаларынан үздік туындылар ұсынылды. Виртуалды экспозиция «Музей түні» бағдарламасын ашты.

<https://www.facebook.com/gmi.rk/posts/3079709535385579>

2. Біздің тұрақты серіктесіміз – Ресей Федерациясы Бас Консулдығымен берлескен Жеңіс күніне арналған жоба.

Карантин кезеңінде 29.04.2020-10.06.2020 аралығында онлайн режимінде оқыту семинарын өткізу жаңа тәжірибе болды. Май-маусым айларында Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ kazmuseum.kz-пен бірлесіп, музей мамандарына арналған «Қазақстан музейлерінің қор қызметі: проблемалар және оларды шешу жолдары» атты оқыту онлайн-семинарын өткізуге бастамашы болған Қазақстандағы алғашқы музей болды. Семинардың басты мақсаты Қазақстан музейлері мамандарының кәсіби біліктілігін арттыру болды. Формат музей жұмысының түрлі бағыттары бойынша Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ мамандарынан 10 онлайн-дәріс циклын дайындап, шығаруды көздеді. Ғылыми қызметкерлердің, реставраторлар мен қор сақтаушылардың эксклюзивті дәрістері Қазақстанның түрлі білім салаларының мамандарын – 106 қатысушыны тартты. Сұрақтар бойынша қорытынды тестілеуге 55 адам келді, оның қорытындысы бойынша жеңімпаздар сертификат алды.

ҚР МӨМ көрмелері арасынан виртуалдық кеңістікте мыналарды атап өтуге болады:

1. Виртуалдық экскурсия жүргізілген Иван Стадничуктің қордан алынған көрмесі. Эфир 20 наурыз. Оксана Танская және Денис Стадничук.
<https://www.facebook.com/watch/?v=445799432855304>
2. «Үміт» символикалық атауымен болған көрме американдық коллекционер Норман Толман (АҚШ) музейге сыйға тартқан заманауи жапон графикасының коллекциясымен таныстырды. Эфир 12 маусым, куратор В. Вологодская.

<https://www.facebook.com/events/1605515539623679/>

3. Н.Г. Хлудовтың туғанына 175 жыл толуына арналған «Азия аспаны астында» көрмесі бойынша қордан алынған виртуалдық экскурсия.

<https://www.youtube.com/watch?v=HPLdc6Adg0I> 1 шілдеден, куратор Жадайбаев Ә.Ж.

4. Рустам Хальфиннің «Айнасыз автопортреті». Эфир 17 шілдеден. Куратор Резникова Е., көрме В. Филатовтың бірлесіп ұйымдастыруымен өткізілді.

<https://www.facebook.com/watch/?v=1390189191185957>

Алматыдағы РФ Бас Консулдығымен, ҚР-дағы «Россотрудничество» Өкілеттігімен және «Қуыршақтар әлемі» Орталығымен бірлескен «Мәңгілік біргеміз» IV Халықаралық авторлық интерьерлік қуыршақтар көрмесі шынайы форматта өтіп, оған виртуалдық видео-экскурсия жүргізілді.

<https://www.facebook.com/gmi.rk/posts/3583944541628740>

Осы және басқа да жобалар кеңінен резонанс алып, көрермендер аудиториясынан жоғары баға алды. Жазда бізде музейде қызмет етпейтін адамдар түсірген «Қонақтардың роликтері» атауымен тағы бір тарау ұйымдастырылып, біз онда музейде қызмет етпейтін адамдар біз үшін түсірген контентті жариялаймыз. Бұл рубрикаға қатысқандар: музейдің ежелгі досы мәскеулік Александр Смолянинов өнер жайлы видео-суреттемесін ұсынды; украиналық суретші-педагог Анна Ярошенко гуашь техникасында видео-сабақ әзірледі («Саваннада кештің батуы»); радиожүргізуші Ботогөз Алдаңғарова біздің бетіміз үшін екі тамаша әліди-көркем видео-ролик ұсынды; Мәскеудегі Шығыс музейі біздің эфир үшін өз видео-ролигін сыйға тартты. Біз ынтымақтастыққа қуаныштымыз, соның арқасында біз көрермендерге сапалы контент ұсынамыз.

Қорытындылай келе, Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінің музей коллекцияларына қолжетімділіктің уақытша шектелуіне қарамастан, өнер әлемінде қалғысы келетіндер үшін арнайы құрылған Онлайн-хабар тарату жобасы екенін атап өткен жөн. Көрермендерге ыңғайлы болу үшін тақырыптық плей-парақтар – виртуалдық экскурсиялар, топтаманың жекелеген экспонаттарымен танысу, тұрақты



экспозициялар мен өтіп жатқан көрмелер бойынша онлайн-серуендер, видео-сабақтар және тағы басқалар жасалды.

Бүкіл ұжымның үйлесімді жұмысы табыстың кепілі болды – іс жүзінде барлық бөлімшелердің қызметкерлері осы жұмысқа ат салысты: ғылыми қызметкерлер мен экскурсия жүргізушілер, қор сақтаушылар мен экспозициянерлер, өнертанушы, мәдениеттанушы және музейтанушы мамандығын игерген музейдің басшылық құрамы оқшаулану кезеңінде жаңа әдістерге икемделді. Мамандар өз бетінше видеографтың, оператордың, жарық түсірушінің, режиссердың, монтаждаушының жұмысын игере отырып, жаңа дағдыларды игерді. Барлық дерлік видео-контент тек музей қызметкерлерінің күшімен және көбінесе жеке смартфонды қолдана отырып жасалады. Карантин кезеңіндегі практикалық жұмысты қорытындылай келе, біз бөліскіміз келетін бірқатар жаңалықтар аштық:

1. Жаңа жағдайлар біздің алдымызға аудиториямен өзара қарым-қатынастың жаңа тәсілдерін қысқа мерзімде меңгеру міндетін қойды және біз осы міндетті ойдағыдай орындадық деп есептейміз. Қамтулар мен шолулар саны да осылай дейді.

2. Алғашқы қадамдар оңай болған жоқ, бір нәрсені түйсінуге тура келді, техникалық дағдылар мен база жетіспеді. Бірақ нақты игеру мен жолға салынған үйлестіру бір ретке түсіріліп, іркіліссіз жұмыс істеуге мүмкіндік берді.

3. Instagram мен музей сайты зор қызығушылық тудырса да, Виртуалдық музей алаңдарының ішінде ең көп сұранысқа ие болған алаң Фейсбук болып қала береді. Интернет-пайдаланушылардың видео-трансляциялардың барлық мұрағатына қол жеткізуіне ыңғайлы болу үшін музей сайтында жаңа функция жедел іске қосылды.

4. Пайдаланушылардың ерекше белсенділігі сәуір айында байқалды. Статистика көрсеткендей, наурыз, сәуір және мамыр айларына қарағанда маусым айындағы жарияланымдар аз болды. Ең көп қаралған екі жарияланымның саны: 1. Ең алғашқы эфир – Қастеев залы бойынша виртуалдық экскурсия – 8 800. 2. 18 мамырға «Жан біткен кенептер» ролигі – 8 000-нан астам.

Жаңа жағдайлар Виртуалды кеңістіктегі жұмыстың жаңа түрлерін игеруге түрткі болды, Ә.Қастеев атындағы ҚР МӨМ карантин аяқталғаннан кейін де онлайн-жарияланымдарды шығаруды жалғастыруға ниетті.

Ә. ҚАСТЕЕВ АТЫНДАҒЫ ҚР МӨМ-нің 2020 ЖЫЛҒА МУЗЕЙ БӨЛІМШЕЛЕРІ БОЙЫНША ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

МУЗЕЙДІҢ ҚОР және РЕСТАВРАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫСЫ

Музейдің басты міндеті музей жинақтамасын жинақтау, қалыптастыру және сақтау болғандықтан музейдің қор жұмысы музей қызметінің маңызды бөлігі болып табылады. Қор жұмысына қатаң есеп жүргізу, температуралық-ылғалдылық режимін сақтай отырып, жиналған мәдени құндылықтарды

сақтаудың дұрыс шарттары, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, туындыларды консервациялау және реставрациялау кіреді.

2020 жылдың 25 желтоқсанына Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қорындағы экспонаттардың жалпы саны – 25713.

Қордың, сондай-ақ сақтау және есепке алу секторының қызметіне: экспонаттарды тұрақты сақтауға қабылдау (сыйға тарту, ККД-дан, ҚСК-дан алу); музей жұмысының жалпы жоспары шеңберінде ҚСК өткізу; экспонаттарды уақытша сақтауға қабылдау; экспонаттарды көрмелерге беру (оның ішінде көшпелі көрмелерге де); экспонаттарды инвентарлық сипаттама жасауға беру; қорларды цифрлау (суретке түсіру) кіреді. Сонымен қатар, бөлім қызметкерлері үнемі келесі жұмыс түрлерін жүргізеді:

- реставраторлардың профилактикалық байқауы, реставрация, туындылардың сақталу күйіне сипаттама жазу;
- музейшілік тиісті құжаттар, қозғалыс актілерін жасау;
- Мәдени құндылықтарды сақтау жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес қорда жыл сайын инвентаризация жүргізу;
- Бөлімдер бойынша қорда барды тексеру: зергерлік бұйымдар (күміс), киіш, мүсін, тоқыма, ағаш, қыш;
- Сипаттамаларды инвентарлық кітаптарға енгізу, туындыларды таңбалау;
- Музей қорларының жұмыс картотекаларын ғылыми орталықтар: Қазақстан кескіндемесі қоры, Қазақстанның тоқыма және сәндік-қолданбалы өнері қоры, ежелгі орыс өнері қоры, орыс және Батыс Еуропа өнері қорының картотекаларымен салыстыру;
- Музейдің жалпы каталогымен жұмыс: Қазақстан кескіндемесі – III том, Қазақстан графикасы, заманауи Қазақстан сәндік-қолданбалы өнері, Шығыс өнері;
- Телевизиондық түсірілімдер;
- Облыстық музейлердің, училищелердің, университеттер: Әл-Фараби атындағы ҚазМУ мен Т. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ның тәжірибе жинақтаушыларымен және практиканттарымен жұмыс;
- Музейдің Реставрация кеңесін, ҚСК ұйымдастыру және өткізу.

2020 жылы негізгі қорға 358 сақтау бірлігі қабылдап алынды:

ККД коллекциясынан қабылданғаны – 214

Авторлардың сыйға бергені – 16

Жеке тұлғалардың сыйға бергені – 116

МӨМ кітапханасынан берілгені – 12.

ҚСК мүшелерінің шешімімен шешім қабылданды:

– Негізгі қорға тұрақты сақтауға 260 сақтау бірлігі қабылдансын.

Қазақстан графикасы	–	178 сақтау бірлігі
Қазақстан кескіндемесі	–	16 сақтау бірлігі
Шет ел графикасы	–	65 сақтау бірлігі
Сәндік-қолданбалы өнер	–	1 сақтау бірлігі
– Қосымша қордың КМК-ға	–	98 сақтау бірлігі

Қазақстан графикасы	–	67 сақтау бірлігі
Қазақстан кескіндемесі	–	сақтау бірлігі

I. Музейлік заттарды тіркеу

Музей қабылдаған барлық музей заттары міндетті түрде есепке алынып, арнайы есепке алу кітаптарында тіркелуі тиіс. Бөлім қызметкерлері тұрақты түсу актілеріндегі барлық мәліметтерді толық каталогтық мәліметтері бар есеп кітаптарына енгізеді: авторы, елі, жасалған жылы, техникасы, өлшемі, сақталу сипаттамасы және қысқаша, туындыны сипаттайтын сипаттамасы, әрбір экспонатқа тиісті нөмір беру. Барлық жаңадан түскен туындыларға жұмысқа, авторлық және жалпы картотекаларға арналған карточкалар жасалды, экспонаттарға таңбалау жүргізілді.

№	Кітаптардың атауы	Саны
1	Тұрақты түсу кітабына енгізілгені	260
2	Қосымша қорға түсу кітабына енгізілгені	78
3	Инвентарлық кітапқа енгізілгені	153

II. Басқа музейлер мен ұйымдарға уақытша сақтауға туындылар беру:

Туындыларды алдын ала іріктеу жүргізіліп, қаралды, бұйрық үшін жұмыстардың тізімі дайындалды, туындылардың сақталуының толық сипаттамасы жазылып, сақтандыру құны, таза салмағы көрсетілген көрсетілген беру актілері жасалды, туындыларды суретке түсірілді, буып-түю жүргізілді, жүкті жөнелтуге арнайы жөнелту құжаты жасалды.

№	Көрменің атауы, автордың ТАӘ	Ұйымның атауы, елі	Уақыты	Берілген жұмыстардың саны	Қайтарылғандардың саны
1	Г.М. Ысмайылованың туғанына 90 жыл толуына аналған автордың жеке көрмесі	Абай атындағы МАОБТ.	ақпан	10	10
2	И.А. Иткиндің туындыларының Халықаралық «Біз ақ ниетті түстерді сақтаймыз. «Өзге Шығыс және орыс өнеріндегі сезімнен тыс таным. 1905-1969» көрмесіне қатысуы	Мәскеу. «Гараж» заманауи өнер музейі.	Қаңтар – шілде	3	3
3.	О. Розанованың туындысының «Көркем мәдениет	Мәскеу. МТГ	Қазанғ 2019 ж. –	1 (2019 ж. берілді)	1

музейі» Халықаралық көрмесіне қатысуы		ақпан, 2020 ж.		
Барлығы			13	14

III. Инвентарлық сипаттамаға туындыларды беру

№№	Ғылыми қызметкерлердің ТАӘ, бөлімдер	Сипаттамаға берілді
1	Қазақстан графикасы Мұқажанова К. Ажарова Н.Б. Жұбаниязова Г. Жұмабекова Г.	1 26 5 2
2	Қазақстан кескіндемесі Мұқажанова К. Мамытова С. Әбілдаева Л. Омарова Е	2 3 9 10
3	Шет ел өнері графикасы Вологодская В. Айдарбекова А. Сальникова М.	46 39 18
	ИТОГО	161

IV. Қордағыларды қабылдау-табыстау және салыстыру (инвентаризация)

Үстміздегі жылы 6 (алты) қордағы туындылардың бар-жоғын тексеру және қабылдап, табыстау бойынша үлкен жұмыс жүргізілді:

Мамыр – тамыз

№	Қордың атауы	Туындылардың саны
1-2	Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнері қоры (зергерлік бұйымдар және теріден жасалған бұйымдар)	Қорда сақталатын 2503 затқа акт жасалды (15.07.2020, № 44 акт)
3	Қазақстан графикасы қоры	Қорда сақталатын 8905 затқа акт жасалды (15.08.2020, № 47 акт)
4	Шет ел қолданбалы өнері қоры	Қорда сақталатын 1665 затқа акт жасалды (24.08.2020, № 48 акт)
5-6	Шет ел кескіндемесі және Ежелгі орыс өнері қоры	Қорда сақталатын 1601 затқа акт жасалды (31.08.2020, № 52 акт)
БАРЛЫҒЫ: Беріліп, инвентаризацияланғаны 14.674 музейлік зат		



Берілетін және тексерілетін қор заттарының бар-жоғы мен сақталу жағдайын тексеру, оларды түсімдер кітаптарындағы, түгендеу кітаптарындағы жазбалармен, актілермен және басқа да есепке алу құжаттамаларымен салыстыру жүргізілді. Түгендеуден өткен барлық музей заттарының тізбесімен акт (коллекциялық салыстыру тізімдемесін) жасау.

ҚР электрондық Мемлекеттік каталогымен жұмыс

Қазақстан Республикасы музей қорының мемлекеттік каталогын жүргізудің әзірленген және бекітілген қағидалары бойынша қор бөлімінің қызметкерлері музей коллекциясының барлық бөлімдері бойынша дерекқормен жұмыс істейді:

№	Бөлімдер	Вид работы. Количество	Исполнители
1	Қазақстан кескіндемесі	Деректерді енгізу жұмысы аяқталды (3732 сақтау бірлігі)	Елеуова А.
2	Теріден жасалған бұйымдар	Деректерді енгізу жұмысы аяқталды (205 сақтау бірлігі)	Алькина А.
3	Шет ел өнері кескіндемесі	Деректерді енгізу жұмысы аяқталды	Мырзабекова М.
4	Тоқыма	Деректерді енгізу жұмысы аяқталды 933 сақтау бірлігі	Горовых О.

5	Қазақстан мүсіні	Деректерді енгізу жұмысы аяқталды. 346 сақтау бірлігі	Молдашева Г.
6	Шет ел мүсіні	Деректерді енгізу жұмысы аяқталды. 295 сақтау бірлігі	Алькина А.
7	Қазақстан сәндік-қолданбалы өнері қоры	Деректерді енгізу жұмысы аяқталды – 641 сақтау бірлігі	Горовых О.
8	Шығыс графикасы	Деректерді енгізу жұмысы аяқталды – 263 сақтау бірлігі	Әбирова Б.
9	Түпнұсқа графика. Орыс өнері	Деректерді енгізу жұмысы аяқталды - (196 сақтау бірлігі)	Әбирова Б.
10	Баспа графика. Орыс өнері	Деректерді енгізу жұмысы аяқталды - (341 сақтау бірлігі.)	Әбирова Б.
11	Қазақстан графикасы	Жетіспейтін ақпараттарды енгізу жұмысы жүргізілуде (Р-Т). (400 сақтау бірлігі)	Молдашева Г.
12	Батыс Еуропа түпнұсқа және баспа графикасы Запдно-	Деректер мен атрибуцияларды енгізу жұмысы жүргізілуде. Енгізілгені 118 сақтау бірлігі	Школьная И.
13	Шет ел өнерінің баспа графикасы. 20 ғасыр	Деректерді енгізу жұмысы жүргізілуде - 200 сақтау бірлігі	Горовых О.
14	Зергерлік өнер (заманауи өнер)	Мәліметтер базасына 87 сақтау бірлігі енгізілді	Бөкеш Т.
15	Шығыс сәндік-қолданбалы өнері	Деректерді енгізу жұмысы жүргізілуде	Бөкеш Т.
16	Бас каталог бойынша қазақ тіліне аударылғандар:	1618 280 2343	Бөкеш Т. Әбирова Б. Қышқашева К.

Тізімге автор туралы толық деректер, туындының атауы, жасалған күні, техникасы, мөлшері, музей затының инвентарлық сипаттамасы, сақталу сипаттамасы, түскен көзі мен жылы, туындының құны мен фотосуреті енгізілді. Есепке алу секторында мұрағаттық құжаттармен жұмыс. Интернеттен суретшілер туралы деректерді іздеу.

V. Мүзейшілік қозғалыстар: туындыларды акт бойынша беру (экспозицияға, реставрацияға, суретке түсіруге). Жыл бойы

№	Музей экспозициясына уақытша көрмедерге берілгендер	Берілгені	Қайтқаны
1	Айтбаев С.А. Е. Мергеновтің мерейтойлық көрмесіне. Уақытша көрмелер залы	1 кескіндеме	1 кескіндеме
2	И.Я. Стадничуктің туғанына 107 жыл толуына арналған мерейтойлық көрме	6 кескіндеме 2 - графика	6 кескіндеме 2 - графика
3	Н.Г. Хлудовтың мерейтойлық көрмесі. Акварель залы –	38 кескіндеме	38 кескіндеме
4	Р.Н. Хальфиннің мерейтойлық көрмесі. Шығыс өнері залы	4 кескіндеме	4 кескіндеме
5	Абайдің мерейтойына арналған көрме. «Абай. Халық даналығы» Уақытша көрмелер залы	19 кескіндеме 41 -графика 5 - мүсін	
6	Е. Сидоркиннің мерейтойлық көрмесі Айналма галерея –	1 кескіндеме 77 графика	
7	«Экология» көрмесі. № 3 Галерея	5 кескіндеме	
8	«Алғыс айтамын» көрмесі	6 - тоқыма	6 - тоқыма
9	М.М. Қисамединовтің туғанына 80 жыл толуына арналған жеке көрмесі	64 -графика	64 -графика
10	Үкі Әжиевтің туғанына 95 жыл толуына арналған жеке көрме	24 -графика	24 -графика
11	Заманауи шет ел өнері көрмесі	92 кескіндеме 18 - ДПИ	
12	«Молдова, Белоруссия, Украина өнері» көрмесі	35 кескіндеме 8 - мүсін	35- кескіндеме 8- мүсін
13	«Кеңес өнері». 3-қабаттағы галерея	27 кескіндеме	27 кескіндеме
14	Е. Мергеновтің мерейтойлық көрмесі	3 - мүсін	3 -мүсін
15	Қазақстан өнері. Қазақстан-3 залында	18-мүсін	
16	20-30-жылдардағы кеңес өнері. Акварель залы	1 - мүсін 13 – графика	1 - мүсін

		32 кескіндеме	-
17	Қазақстан сәнідк-қолданбалы өнері залында (тұрақты экспозиция)	21 зергерлік әшекей	-
БАРЛЫҒЫ		561	219

№	Реставрацияға берілгені	Берілгені	Қайтқаны
1	Кескіндеме: Смағұлова К.К.	16	12 (4 жұмыс барысында)
2	Степенко О.	14	13 (1 жұмыс барысында)
3	Графика: Қалдыбаева Г.А.	28	28
4	Қожамжарова Г.С.	33	33
	Мүсін: Оспанов А.	Тазарту - 30 Реставрация -14	Тазарту-30 Реставрация - 14
5	Зергерлік әшекейлер және тері: Қасымбеков М.	158 (экспозиция) 1 реставрация	158 тазарту (экспозиция) 1 реставрация
6	Тоқыма: Момбекова А.	6	6
7	Зергерлік бұйымдар Қаратаев Ө. (зейнетке шығуына байланысты бірінші жарты жылдықтың есебі)	2 реставрация Тазарту – 43	2 зергерлік бұйым реставрация 43 – тері мен ағашты тазарту және шаңын тазалау
БАРЛЫҒЫ		345	340 (5 жұмыс барысында)

№	Суретке түсіруге берілгені: Фотограф Кочетков Игорь	Берілгені және қайтқаны
	Қазақстан кескіндемесі	35
	Шет ел кескіндемесі	1
	Қазақстан графикасы	265
	Шет ел графикасы	201
БАРЛЫҒЫ		502

№	Суретке түсіруге берілгені: Фотограф Барысбеков Берік «Central Asia Production» мына тақырыптарға	Берілгені және қайтқаны

1	- «Медеу» - «Космос», «Олжас Сүлейменов» - Абайдың мерейтойлық көрмесіне арналған альбом үшін	12 – Қазақстан кескіндемесі 8 – Қазақстан графикасы 72 – Қазақстан графикасы
2	ТВ-ға түсіру үшін экспозицияға таңдалып берілді (Абайдың, Е. Сидоркиннің мерейтойларына)	17
	БАРЛЫҒЫ	109 туынды

Туындыларды профилактикалық тексеру

Қор сақтаушылар реставраторлармен бірлесіп сақтау орындары мен экспозициялық залдардағы жұмыстардың туындылардың сақталу жағдайына тексеру жүргізді. Экспозиция бөлімінің қызметкерлерімен бірге музей залдарына берілген туындылардың сақталуын беру актісімен тексерді.

Жыл бойы

№	Өнер түрі	Туындылардың саны
1	Қазақстан кескіндемесі Шет ел кескіндемесі	98 260
2	Тоқыма	849 сақтау орнында
3	Ағаш, тоқыма	71 экспозицияда
4	Қазақстан графикасы	400 сақтау орнында
5	Шет ел графикасы	100 сақтау орнында
6	Киіз	19 экспозицияда
7	Мүсін	307 сақтау орнында 78 экспозицияда
	ИТОГО	2 182 сақтау бірлігі

Қордағы экспонаттарды кептіру:

шілде, тамыз, қыркүйек

Температуралық-ылғалдылық режимін сақтаумен қатар жұмсақ инвентарлардың сақталуын қамтамасыз ету үшін жазғы уақытта киізден және тоқылған заттардан жасалған бұйымдарды міндетті түрде кептіру және желдету, сондай-ақ барлық қорлар мен экспозициялық залдарды тоқсан сайын өңдеу маңызды болып табылады. Үстіміздегі жылы барлық үлкен кілем бұйымдары, яғни киіз, түкті, тақыр кілемдер, сондай-ақ гобелендер кептіріліп, бабына келтірілді.

№	Өнер түрі	Саны	Сақтаушылар
1	Тоқыма	280	О. Горových. А.Қаратаевтың, Р. Мырзабековтің, А. Оспановтың қатысуымен
2	Киіз	307	А. Қаратаев. Р. Мырзабековтің, А. Оспановтың қатысуымен



Келтіргеннен кейін міндетті түрде шаңсорғышпен тазалау қажет. Кілем бұйымдары біліктерге оралып, қаптамаларына салынып, орнына қойылады. Жаңа топографиялар жасалды.

Сақтау бөлімі қызметкерлерінің музей жобаларына қатысуы

№	Атауы	Орындаушы	Уақыты
1	Выставка, посвященная празднику Наурыз «Жер бетіндегінің бәрін дала күні еркелеткен...». Наурыз мерекесіне арналған көрме Қордан туындыларды іріктеу (50), мәтін, аннотация, этикетаж жазу. Көрме музейдің facebook бетінде электрондық форматта көрсетілді.	Школьная И.А., жетекші	наурыз
2	«Музей құндылықтарын есепке алу және сақтау жөніндегі нұсқаулық» жобасымен жұмыс. Нұсқаулық мәтініне толықтырулар мен ұсыныстар енгізу.	Молдашева Г.Б. Школьная И.А.	май-маусым

3	Музейдің ҚСҚ жұмысына қатысу	Молдашева Г.Б Школьная И.А.	Жыл бойы
4	Музейдің әдістемелік кеңесінің жұмысына қатысу	Школьная И.А. Молдашева Г.Б.	Жыл бойы
5	«Музей түні» жобасына қатысу	Горовых О. Әбирова Б.А. Бөкеш Т.	мамыр
6	Спорттық челнджерге роликке түсуге қатысу	Горовых О.	мамыр

Ғылыми конференциялар мен семинарларға қатысу

Бөлім қызметкерлері Молдашева Г.Б., Бөкеш Т., Горовых О. конференциялар мен семинарларға қатысады (ғылыми конференцияларға, семинарларға, дөңгелек үстелдерге қатысушылардың тізімін қараңыз)

Онлайн-таныстырылымдармен ТВ-ға дайындық және сөз сөйлеу

№	Атауы	Орындаушы	уақыты
1	Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ сақтау орындарына экскурсия	Молдашева Г.	наурыз
2	«Қазақ халқының дүниетанымындағы үкінің символикалық мәні» онлайн-таныстырылымы	Молдашева Г.	сәуір
3	Онлайн-дәріс: «Музейдің қор сақтау әлемі»	Әбирова Б.	наурыз
4	Онлайн-дәріс: «Киелі кимешек»	Әбирова Б.	сәуір
5-7	«Көркемсурет музейлерінде музей заттарын есепке алу және сақтау ерекшеліктері. Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ жұмыс тәжірибесі мысалында» тақырыбына үш таныстырылым дайындалды. Олар kazmuseum.kz сайтында электрондық форматта көрсетілді	Школьная И.	сәуір, мамыр
8	Суретші А. Горовыхтың өмірі мен шығармашылығына арналған «Бір сарбаздың хикаясы» видео-таныстырылым	Горовых О.	сәуір
9	Онлайн-дәріс: Ағаштан жасалған дәстүрлі қазақ заттарын салыстырмалы талдау – Асадал және Кебеже, коллекциялық шығармалар мысалында	Горовых О.	мамыр
10	«Өркениеті дамыған тарихи қалалар» тақырыбына онлайн-дәріс	Бөкеш Т.	наурыз

11	«Сәукеленің эстетикалық мәні мен символдық ерекшеліктері» тақырыбына онлайн-дәріс	Бөкеш Т.	сәуір
12	«Алтын балықты саламыз». Балаларға арналған шебелік сағаты	Елеуова А.	мамыр
13	ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Ұлағатты ұрпақ»білім беру жобасында 1 және 2 бастауыш сыныптар үшін сурет салудан видео-сааққа түсуге қатысу. 5 видео-сабақ түсірілді.	Елеуова А.Д	қазан, қараша, желтоқсан
14	Музей қызметкерлерінің біліктілігін арттыру онлайн-семинарына тақырыптар мен сұрақтар дайындау. Таныстырылымдар kazmuseum.kz сайтында электрондық форматта көрсетілді	Молдашева Г Школьная И. Әбирова Б.	мамыр, маусым
15	Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қызметі турасында «Абай ТВ» ТВ-ға сұхбат беру	Молдашева Г	қараша
16	Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ мысалында графикалық туындыларды сақтау турасында «Абай ТВ» ТВ-ға сұхбат беру	Әбирова Б.	қараша
17	Музейдің экскурсия қызметіне қатысу: - музейдің әдістемелік кеңесінде Қазақ КСР халық суретшісі Әбілхан Қастеевтің шығармашылығы жайлы экскурсия тапсырылды.	Бөкеш Т.	қазан



Ғылыми қызметкерлермен жұмыс

- «Қазақстан кескіндемесі» ғылыми каталогымен жұмыс.

Қазақстан бейнелеу өнері ғылыми бөлімімен бірлесіп туындылардың бар-жоғын салыстырып тексеру, суретке түсіруге картиналарды іріктеу және беру, түгендеу кітабымен, картотекамен жұмыс жүргізілді.



- Шет ел өнері (кескіндеме, графика): Экспонаттарды зерттеу, суретке түсіру, туындыларды көрмеге дайындау, салыстырмалы талдау.
- Қазақстан қолдабалы өнері: Қымыз ыдыстары бойынша фотосуреттері бар толық каталогтық деректерді

беру – «Торсық».

- Қазақстан графикасы: картоткалар экспонаттармен салыстырылып тексерілді.
- Мұрағаттық деректермен жұмыс: Ғылыми бөлімдерге альбомдармен, каталогтармен, мақалалармен және хабарламалармен (туындылар, авторлар, есепке алу секторындағы мұрағаттық құжаттар бойынша түсу көздері туралы мәліметтерді нақтылау) жұмыс істеуге көмек көрсету.
- музейдің Сараптама комиссиясына салыстырмалы талдау жасауға Қазақстан суретшілерінің кескіндемелік және графикалық туындыларын іріктеу. Жалпы саны - 80 экспонат.
- Музей қорына кейін түскен Қазақстанның кескіндеме туындыларын қарау.



VI. Бөлімнің картотекамен жұмысы

- Жұмыс, негізгі, авторлық картотекаларды жаңарту, толықтыру – 1000 карточка. Жыл бойы

3D мультимедиялық бағдарламасына түсіру

«3-D» суретке түсіруге берілгені

Жыл бойы

- Зергерлік бұйымдар – сақиналар мен жүзіктер 785
- Мүсін 165
- Шығыс сәндік-қолдабалы өнері 50

Тағылымдамалар мен Консультациялар

Жыл сайын Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ-де облыстық музейлер мен басқа да мекемелердің қызметкерлері біліктілікті арттыру курстарынан өтіп тұрады. Биылғы жылы Ш. Сариев атындағы Атырау облыстық өнер музейінің қызметкерлері Р. Шахманова мен А. Мұханжан бір апталық тағылымдамадан өтіп, өздерін қызықтырған мәселелер бойынша кеңес алды, сақтау және есепке алу бойынша жұмыс тәжірибесімен танысты. Есепке алу секторындағы есепке алу құжаттамасымен, музей қорларымен, туындылардың түрлері бойынша сақталу шарттарымен, картотекалардың барлық түрлерімен, топография жүргізумен және т.б. танысты. мамыр



2. Алматы қаласы Орталық Мемлекеттік мұрағаты қызметкерлеріне консультация.

қазан



- Графикалық шығармалар мен тоқыманы сақтау шарттарымен таныстыру және кеңес беру.

Қорда жоспарлы дезинсекция

жыл бойы

Тоқсан сайын арнайы химиялық және биологиялық әдістерді пайдалана отырып, қор қоймаларының үй-жайларын жоспарлы өңдеу жұмыстары жүргізіледі. Өңдеуден кейін Қор қоймалары желдетіліп, дымқылдап жинау.

Сүзгілер мен дабылдық жабдықтарды орнату кезінде инженерлік қызметпен жұмыс

жыл бойы



Қоймалардың үй-жайларында дабыл жұмысын бақылау, сондай-ақ ішке берілетін ауаны тазарту жүйелеріндегі сүзгілерді бақылау және ауыстыру үнемі жүргізіледі, өйткені атмосфералық ластану музей заттарының сақталуына үлкен әсер етеді.

Басқа музейлер мен ұйымдарға уақытша

сақтауға берілгені

13 эксп.

МАОБТ. Г.М. Ысмайылованың көрмесі 10 Ақпан
 Мәскеу. И.Я. Иткиндтің «Гараж» заманауи өнер музейіндегі көрмесі
 3 Қаңтар

Уақытша берілген туындылардың қорға қайтарылуы 11 эксп.	
МАОБТ Г.М. Ысмайылованың көрмесі	10 Наурыз
Мәскеу. МТГ О. Розанованың көрмесі	1 февраль
Тұрақты Түсім кітабына енгізілгені	50 сақтау бірлігі
Туындыларды таңбалау:	225 сақтау бірлігі
ҚР Мемлекеттік музей каталогына енгізілгені	- 1657 сақтау бірлігі
Орыс мүсіні	59
Шет ел мүсіні	64
Сәндік-қолданбалы өнер (Қытай)	537
Қазақстан кескіндемесі	307
Шет ел графикасы	50
Қазақстан сәндік-қолданбалы өнері	640

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ

Музей көркемдік ұйым ретінде ғана емес, ғылыми-зерттеу орталығы ретінде де жұмыс істейтіндіктен, ғылыми жұмыс музей қызметінің негізгі басым түрлерінің бірінен саналады. Ғылыми-зерттеу жұмысының мақсаты музей коллекциясын зерттеу және суретшілер мен олардың уақыты туралы деректі мәліметтерді жинауды, атрибуция бойынша зерттеу жұмысын жүргізуді, жинақталған деректерді қорытуды қамтиды. Теориялық зерттеулер ғылыми және көпшілікке танымал басылымдарда, конференциялардағы баяндамаларда жарияланым түрінде жүзеге асырылады, сонымен қатар экскурсиялар, дәрістер мен әдістемелік әзірлемелер дайындауда қолданылады.

Музей қызметінің ғылыми-зерттеу бағытының басты бағыты – ғылыми каталогтармен жұмыс істеу. Бұл жұмыс коллекцияның барлық элементтерін олардың мәні мен ролін анықтау, әртүрлі елдер мен дәуірлердің тарихи және көркемдік жағдайын талдау үшін егжей-тегжейлі зерттеудің негізі болып табылады. Бұл – түпкі мақсаты музей коллекциясының тақырыптық бөлімдері бойынша каталогтар шығару болып табылатын музей жинағын егжей-тегжейлі зерттеудің көп жылдық процесі.

Музейдің өз қорындағы да, жеке жинақтамалардан да келген көркемсурет туындыларын құрамына музейдің тәжірибелі ғылыми қызметкерлері кіретін музейдің сараптама кеңесінің жұмысы шеңберінде сараптау және атрибуқтау – музейдің ғылыми қызметінің ажырамас бөлігі.

Музей қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында олар үшін ғылыми семинарлар ұйымдастырып, өткізеді: экскурсия жүргізу әдістемесі, экспозициялық кеңістікті ұйымдастыру, көрме тұжырымдамасын әзірлеу және т.б. Республикада бірінші болып Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ музей мамандары үшін онлайн-семинар ұйымдастырды. 29.04.2020– 10.06.2020 аралығында музей қызметкерлері 10 онлайн-дәріс жүргізді.

14	Танская О. «Орал-Кострома – бауырлас қалалар» онлайн-шарасы телекөпірге қатысу, РФ Вице-Консулы В.А. Волковатын қатысуымен	Орал қ. Х. Есенжанов ат. Балалар мен жасөспірімдерге арналған облыстық кітапхана	28 қазан 2020
15	Мырзабекова С.К.	«Қастеев оқулары-2020» жыл сайынғы ғылыми-практикалық конференция	23 қыркүйек Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ

	«Қазақстан суретшілерінің шығармаларындағы Абай шығармашылығы»		
16	Мамытова С. Айша Ғалымбаева – ұлттық костюм білгірі және киносуретші	«Мәдени мұраны сақтаудағы музейлердің рөлі» атты «Қастеев оқулары-2020» жыл сайынғы ғылыми-практикалық конференциясы, Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ құрылғанына 85-жылдығына арналған	23 қыркүйек Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ
17	Мамытова С. Кітап графикасындағы Абай бейнесі. (Б. Урманче, Ю. Мингазитинов, Е. Сидоркин иллюстрацияларының мысалында, М. Әуезовтың «Абай жолы» романына).	Абай Құнанбаев – өз халқының шамшырағы	О.Таңсықбаев ат. АСҚӨК 15.12.2020 Онлайн конференция
18	Жадайбаев А.Ж. Абай суретшілер көзімен	Абай Құнанбаев – өз халқының шамшырағы	О.Таңсықбаев ат. АСҚӨК 15.12.2020 Онлайн конференция
19	Жадайбаев А.Ж. 1970-80-шы жылдардағы Қазақстан кескіндемесі. Көркемдік стильдің ерекшеліктері	«Қастеев оқулары-2020» жыл сайынғы ғылыми-практикалық конференциясы, онлайн	23 қыркүйек 2020
20	Джадайбаев А. Ә. Қастеевтің шығармашылығындағы Абай бейнесі	Абай Құнанбаев – өз халқының шамшырағы	О.Таңсықбаев ат. АСҚӨК 15.12.2020 Онлайн конференция
21	Мамытова С. Айша Ғалымбаева – ұлттық костюм білгірі және киносуретші	«Мәдени мұраны сақтаудағы музейлердің рөлі» атты «Қастеев оқулары-2020» жыл сайынғы ғылыми-практикалық конференциясы, Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ құрылғанына 85-жылдығына арналған	23 қыркүйек Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ
22	Мамытова С. Кітап графикасындағы Абай бейнесі. (Б. Урманче, Ю. Мингазитинов, Е. Сидоркин иллюстрацияларының мысалында, М. Әуезовтың «Абай жолы» романына).	Абай Құнанбаев – өз халқының шамшырағы	О.Таңсықбаев ат. АСҚӨК 15.12.2020 Онлайн конференция
23	Жұбанова Г. Қазақстан мүсін өнерінің дамуындағы Е. Сергебаевтың рөлі	Е.А. Сергебаевтың 80 жас мерейтойына Халықаралық Онлайн-дөңгелек үстел	27 қазан 2020

24	Омарова Е.А. Т.Н. туғанына 120 жыл Глебова. Алматы шығармашылық кезеңі	«Қастеев оқулары-2020» жыл сайынғы ғылыми-практикалық конференциясы	23 қыркүйек Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ
25	Мырзабекова С.К. «Қазақстан суретшілерінің шығармаларындағы Абай шығармашылығы»	«Қастеев оқулары-2020» жыл сайынғы ғылыми-практикалық конференциясы	23 қыркүйек Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ
26	Молдашева Г. Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ бейнелеу және қолданбалы өнер туындыларын сақтау ерекшеліктері	Қазақстандағы музейлердің қор қызметі: проблемалары және оларды шешу жолдары» атты онлайн-семинар, «Бейнелеу және қолданбалы өнер туындыларын Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ сақтау ерекшеліктері» баяндамасы	Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ Мамыр 2020
27	Школьная И. Музейлік заттарды өнер музейлерінде есепке алу және сақтау ерекшеліктері. Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ тәжірибесі мысалында.	Қазақстандағы музейлердің қор қызметі: проблемалары және оларды шешу жолдары» атты онлайн-семинар, «Бейнелеу және қолданбалы өнер туындыларын Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ сақтау ерекшеліктері» баяндамасымен	Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ Мамыр 2020
28	Бокеш Т. Сәукеленің эволюциясы мен заманауи интерпретациясы	Қазақстандағы музейлердің қор қызметі: проблемалары және оларды шешу жолдары» атты онлайн-семинар, «Сәукеленің эволюциясы мен заманауи интерпретациясы» баяндамасымен	Қазан
29	Танская О.А. The Treasures of the Great Steppe: Kazakhstan's Tutankhamun	«Қазақстанның сәндік- қолданбалы өнері және креативті экономика» халықаралық ғылыми симпозиумы	Вашингтон, Смитсон институты, 4 қазан 2019
30	Танская О.А. Мүмкіндігі шектеулі келушілермен экскурсовод жұмысының ерекшеліктері	Халықаралық семинар «Шекарасы жоқ өнер»	Баку, Әзірбайджан, 24-29 қараша 2019
31	Баженова Н.А. Мүмкіндігі шектеулі жандардың өнері туралы білудің маңызды бөлігі ретінде мұражайдағы бейімделген шығармашылық шеберханалар	Халықаралық семинар «Шекарасы жоқ өнер»	Баку, Әзірбайджан, 24-29 қараша 2019
32	Кобжанова С.Ж. Заманауи кезеңдегі Қазақстан бейнелеу өнері	Халықаралық конференция «Заманауи қоғамдағы музейдің	Атырау 2019

		рөлі: әлемдік тәжірибе мен аймақтық жағдай»	
33	Кобжанова С.Ж. Қазақстан бейнелеу өнеріндегі шопан бейнесі	Алтыншы Қазан өнертану оқулары. 20-21 ғғ. бейнелеу өнеріндегі реализм мәселелері	Қазан 2019.
34	Мұқажанова К.Ж. Қазақстандық өнертану - Ленинград-Петербург өнертану мектебінің дәстүрлерінің жалғасы	Халықаралық ғылыми-практикалық конф. «Ленинград-Петербург академиялық өнертану мектебінің тарихи-теориялық мәселелері (Р. И. Власованың 100 жылдығына арналған)	РӨТИ, Санкт-Петербург, 28—30 қазан 2019 көлемі – 0,5 п.л.
35	Жадайбаев А. Бейне кеңістігі. Заманауи көркемсурет музейі экспозициясын құрудың мәселелері	Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнері және креативті экономика», «Қастеев оқулары» халықаралық конференциясы	Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ, 17-18 қазан
36	Резникова Е.И. Көшпенді өркениеттің бейнелері: баяндама	«Қазақтану» республикалық семинары	Достық үйі, Қызыл-орда, 6 қараша
37	Резникова Е.И. Қазіргі кезеңдегі Алматыдағы студия қозғалысы: тарихи ретроспективті және даму мүмкіндіктері	Георгий Халанский студиясының «Шығармашылық вирусы» көрмесі аясында «Көркемдік білім берудегі шығармашылық студияның құндылығы» дөңгелек үстелі	29 мамыр
38	Мамытова С. Фестивальге қатысу	Go Viral Festival 2019 Тақырыбы: THE NEW: CREATE, COLLABORATE, INNOVATE (Жаңашылдық: Құр. Өзара әрекет ет. Жаса) Ұйымдастырушы: Алматыдағы АҚШ Бас консулдығы	14-16 маусым, 2019 жыл КБТУ
39	Резникова Е.И. Рустам Хальфиннің шығармашылық феномені	Рустам Хальфиннің «Айналарсыз автопортрет» көрмесінің аясындағы дөңгелек үстел	24 қыркүйек

Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ-дегі 2020 жылғы дөңгелек үстелдер, семинарлар, шығармашылық кездесулер

Ірі музей жобалары аясында дөңгелек үстелдер жоспарланды. Осылайша, маңызды көрмелердің талқылауы ұйымдастырылды:

1. «Айналар парадоксы» халықаралық көрмесі аясында СПб графигі Клим Лимен шығармашылық кездесу, - 9 қаңтар 2020;
2. «Періштелер уақыты» атты жыл сайынғы қайырымдылық көрмесі аясындағы баспасөз-конференциясы 28 қаңтар 2020;



3. Абай атындағы МАОБТ бірлесіп Гүлфайрус Ысмайылованы еске алу кеші – 4 наурыз 2020;
4. Еркін Мергеновтің көрмесін куратор К.В. Лимен бірге шығармашылық талқылау – 21 ақпан 2020;



5. «Таң-Шолпан» көрмесінің дөңгелек үстелі - 28 ақпан 2020;
6. «Шыны бағы» көрмесі аясында Иржи Пачинекпен (Чехия) шығармашылық кездесу - 2 наурыз 2020;
7. Астана күніне орай «Астанамен кездесулер» атты онлайн дөңгелек үстелі – 6 шілде;



8. Ульянов облыстық көркемсурет музейімен бірге халықаралық телекөпір. ZOOM платформасында онлайн форматтағы «Пластов күзі» атты X халықаралық суретшілер ассамблеясы– қыркүйек;
9. Рустам Хальфин көрмесі бойынша дөңгелек үстел, 16 қазан 2020;
10. «Әрқашан бірге» атты жыл сайынғы халықаралық қуыршақтар көрмесі аясындағы дөңгелек үстел - 3 қараша 2020
11. «Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстан бейнелеу өнері. Н.А. Назарбаев қорының қызметі» атты бірінші президент күніне арналған онлайн дөңгелек үстел– 1 желтоқсан 2020;



12. Мерейтойлық, халықаралық және т.б. - таңдаулы көрмелерді талқылау

МУЗЕЙДІҢ КАДР САЯСАТЫ

Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ кадр құрамы:

2020 жылға жалпы қызмет саны – 185

ӘБҚ – 16

Қызметкерлермен жұмыс бөлімі – 7

Қаржы-экономика бөлімі – 5

Ғылыми қызметкерлер саны – 24

Қор сақтаушылар мен реставраторлар саны – 17

Экскурсия жүргізушілер – 8

Музей қараушылары – 33

Көрме және экспозиция бөлімі – 11

Инновациялық технологиялар және баспа ісі бөлімі – 12;

инженерлік-техникалық қызметкерлер – 23;

Қызмет көрсету қызметкерлері – 41

Ғылыми атағы бар қызметкерлер саны – 3 (өнертану кандидаттары)

Профессор, ғылым докторы – 1

Есеп беру кезеңінде 20 (жиырма) еңбек шарты бұзылды, 18 адам жұмысқа қабылданды, 3 бос штаттық орын бар.

Бүгінгі күні музейде 177 қызметкер жұмыс істейді (оның ішінде 1 бірлікте - 177 қызметкер, 0,5 мөлшерлемеде - 4 қызметкер) 5 музей қызметкері бала күтімі демалысында, жоғары білімді - 102 қызметкер, орта арнайы білім - 14 қызметкер және 61 орта білімді.

Кәсіпорынның жұмыс процесін жүзеге асыратын негізгі қызметкердің сапалық құрамы: 12 қызметкер біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатқа ие, 4 қызметкер ғылыми дәрежеге ие, 10 қызметкер өнертану магистрі дәрежесіне ие.

Кәсіпорындағы әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу үшін қызметкерлер мен директор арасында 24.03.2017 жылғы №1 хаттамамен бекітілген ұжымдық шарт жасалды.

2020 жылы біліктілікті арттыру курстары мен тағылымдамалар болған жоқ. Жыл сайын өрттің алдын-алу қызметкерлері, кітапханашы және ғылыми қызметкерлер дәрістер мен семинарлардың тыңдауларына қатысады, бұл қатысушының жеке ісінде сақталатын сертификатпен расталады.

Әскери есепте әскери қызметке жауапты 18 адам бар, олармен жыл сайын облыстық қорғаныс істері жөніндегі басқармалармен бірлескен жұмыс жүргізіледі (әскери қызметке жауапты адамдарды тіркеу, запастағы азаматтарды брондау, мәліметтерді салыстыру және есептер жіберу).

Жыл басында ел ішінде 6, 2 шет елдерге іссапар болған, қалған жоспарланған іссапарлар COVID-19 коронавирусы инфекциясы пандемиясына байланысты тоқтатылды.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 3 қыркүйектегі №353 «Еңбек шартын тіркеудің бірыңғай жүйесінде еңбек шарты туралы ақпарат беру және алу ережелерін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, 162 электронды еңбек шарты ЕШЕАБЖ -де тіркелді.

2020 жылы музейдің 36 қызметкері ведомстволық марапаттарға ұсынылды, оның ішінде директор «Құрмет» орденімен және «Халық алғысы» мерекелік медалімен марапатталды, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен - 7 қызметкер және музейдің 8 қызметкеріне құрмет грамотасы табысталды.

Марапатталған қызметкерлердің тізімі

№	Т.А.Ә.	Марапат
1	Шалабаева Гүлмира Кенжеболатқызы	«Құрмет» ордені
		«Халық алғысы» мерекелік медалі
2	Молдашева Гүлзира Бәкірқызы	«Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісі
3	Резникова Екатерина Ильинична	«Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісі
4	Жұмабекова Гүлаим Мұсағұлқызы	«Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісі
5	Қожамжарова Гүлшат Советжанқызы	«Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісі

6	Ескендірова Күлзипа Тұрсынбекқызы	«Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісі
7	Қалдыбаева Гүлжан Ахмадиқызы	«Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісі
8	Мұқажанова Күлжазира Жұмаділқызы	«Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісі
9	Танская Оксана Анатольевна	«Халық алғысы» мерекелік медалі
10	Абирова Бейбітгүл Әженқызы	Құрмет грамотасы
11	Елеуова Аида Демеубекқызы	Құрмет грамотасы
12	Баженова Наталия Александровна	Құрмет грамотасы
13	Жуваниязова Гүлнар Қуандыққызы	Құрмет грамотасы
14	Танская Оксана Анатольевна	Құрмет грамотасы
15	Қаирбекова Гафура Бахытқызы	Құрмет грамотасы
16	Мамытова Гүлзат Мұхтарқызы	Құрмет грамотасы
17	Молдашева Гүлзира Бәкірқызы	Құрмет грамотасы

Музейдің баспасөз қызметі

Музейдің көрермендермен белсенді өзара іс-әрекеті, музей оқиғаларын БАҚ пен әлеуметтік желілерде уақтылы жариялау – музей қызметінің аса маңызды қыры. Баспасөз қызметі – мақсаттық аудиторияның түрлі буынымен жұмыс істеу. Орталықтың қызметіне мыналар кіреді:

- БАҚ-пен жұмыс, музей оқиғаларын жариялау, Қазақстан өнері мен музей коллекциясын жариялау;
- Музей оқиғаларын талдап, жүзеге асыруға жәрдем ету;
- Мақсатты әлеуметтік-мәдени жобалар мен бағдарламаларды тиімді жүзеге асыруға бағытталған музей қызметінің шығармашылық-өндірістік қызметін жарнамалық-маркетингтік және ақпараттық қолдауды жүзеге асыру;
- Қазіргі экономикалық және мәдени жағдайларда музейді дамыту міндеттерін орындау үшін жаңа маркетингтік әдістерді зерттеу;
- БАҚ-пен және интернет-ресурстармен өзара белсенді қимыл жасау;
- Бірлескен жобаларды жүзеге асырып, алдыңғы қатарлы шет елдік тәжірибелермен танысып, оларды қолдану үшін жергілікті және шет елдік мәдениет ұйымдарымен, халықаралық ұйымдармен, дипломатиялық миссиялармен, шет елдік корпорациялармен байланыс орнату;
- Музей сайтын және Facebook; Twitter; YouTube; Instagram; ВКонтакте; ОК әлеуметтік желілерді басқару.

2020 жылдың соңында Facebook-тегі жазылушылар саны 9 395 адам, Instagram-да - 11 700.

2020 жылы музей іс-шараларының 337 эфирге шықты, оның ішінде: 108 баспа, 183 онлайн, 45 телебағдарлама.

Музейдің негізгі ақпараттық серіктестері:
Каналдар – Хабар, Хабар24, KazakhTV, Алматы, Евразия, Қазақстан, СТБ, Мир24, Астана, HitTV және басқалары
Газеттер – Қазақстанская правда, Вечерний Алматы, Литер, Курсив, Деловой Қазақстан, ЭкспрессК, Время, Новое поколение, Комсомольская правда, Аргументы и факты, Егемен Қазақстан, Ана тілі, Түркістан, Қазақ Әдебиеті және басқалар.
Журналдар – Жер Жиһан, Үркер, Простор, Мысль, Vintage, ЭкспертҚазақстан, The Village, Harpers Bazaar, Forbes
Радио – Радиоклассика және басқалары
Порталдар – kazmuseum.kz, oner.kz, Sxodim.kz, Afisha.kz, ArtTube.ru, buro247, Власть, InAlmaty, <https://esquire.kz/>, azattyk.kz,

Музейдің кеңінен қамтылған айрықша резонанстық іс-шараларына жатады:

- Иржи Пачинектің «Шыны бағы»
- Музейдің онлайн-қызметі,
- «Әрқашан бірге» халықаралық қуыршақтар көрмесі,
- Сидоркин. Менің Қазақстаным,
- Азия аспаны астында. Хлудовтың көрмесі,
- Абай – халық даналығы.

Buro247.kz сайтында «Мәдени білім» атты жаңа айдар ашылды, оның аясында Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік бейнелеу өнері музейі коллекциясынан бір жауһар туралы беріледі. Барлығы - 7 жарияланым жарық көрді.

Баспасөз хатшысы Б.Мұсаханованың бастамасымен «Кинодағы өнер феноменологиясы» фильм-сұхбаттарының жаңа топтамасы басталды - 7 фильм талқыланып көрсетілімі өткізілді.

Del Para-мен бірге музей кәдесый өнімдерінің түрін кеңейту бойынша жұмыс жүргізілуде.

Дәріс және экскурсиялық жұмыстар бөлімі

Бөлімнің басты міндеттерінің бірі – музей қызметінің барлық түрін және оның коллекциясын, сонымен бірге бүкіл әлемдік көркем мұраны дәріптеу. 2020 жылы бөлім өз жұмысын қайта бағыттап, жұмыстың онлайн режиміне қосылды.

Бөлімнің құрамында 6 экскурсия жүргізуші-қызметкер және бөлім меңгерушісі бар:

Нұғыманова Шолпан

Крылова Карина

Нүсіп Ақжігіт

Қамидоллаева Динара

Оспан Меруерт

Бөлім жетекшісі – Танская Оксана.

2020 жылы бөлім қызметкерлерімен әзірленді:

- 7 ғылыми мақала;

- **6 жаңа экскурсия тапсырылды;**
- **музейлік виртуалды хабар таратудың аясында 47 онлайн-дәріс шығарылды;**
- **336 экскурсия (барлығы музей бойынша 544 экскурсия, ғылыми қызметкерлерді қосқанда);**
- **13 жеке экскурсиялық бағдарламалар әзірленді** (мүгедектігі бар келушілер, зейнеткерлерге арналған экскурсиялар, суретшілер шеберханаларына бару)
- **бөлімнің қатысуымен 9 кураторлық жоба дайындалды (онлайн-көрмелерді қосқанда)**
- **24 БАҚ сұхбаты**
- **4 баспасөз-туры** (Pygmalion галереясының раритеттері, Періштелер уақыты қайырымдылық көрмесі, «Әрқашан біргеміз» халықаралық қуыршақтар көрмесі).

Бөлім – музей мен аудитория арасындағы негізгі байланыстырушы буын. Қызметкерлер музей өміріне, музейдің бүкіл жобасын ұйымдастырып, іске асыруға белсене ат салысады. Ең бірінші кезектегі жұмыс түрлері:

- Экскурсиялар мен дәрістерді ұйымдастырып, өткізу;
- Маңызды атаулы күндерге орайластырылған көрмелердің жүзеге асуына көмектесу;
- Аудиогидтермен және ақпараттық дүңгіршекпен жұмыс істеуге қатысу;
- «Әсем әлем» өнер академиясының әлемдік өнер тарихынан дәрістер циклын ұйымдастыруға ат салысу;
- Халықаралық музей күніне орайластырылған музей жобаларын, «Музей Наурызы» бағдарламаларын (іс-шаралардың тақырыптары сақталған экспозициялық кеңістіктер бойынша экскурсиялық бағдарламалар, шеберлік сабақтары, концерттік бағдарламалар мен интерактивтік қызметтер) ұйымдастыру.
- мектеп демалысы кезінде мектеп жасындағы балаларға арналған «Ғажайып шам» тұрақты музей жобасын өткізу (тақырыптық экскурсиялар мен шеберлік сабақтары);
- 1 маусым халықаралық балаларды қорғау күніне арналған бағдарлама дайындау;

Экскурсия бөлімінің жетекшісі Танскаяның бастамасымен музей қызметкерлерінен құралған делегация суретшілер шеберханасына барады - 2020 жылы олар 8 шеберхананы аралады.

Бөлім орысша-қазақша-ағылшынша аударма жұмыстарына көмек көрсетеді.

Бөлім қызметкерлері 7 музейлік жобаны әзірлеп жүзеге асырды, оның ішінде онлайн тәртібінде:

1. Жыл сайынғы Музейдегі Наурыз жобасы – онлайн, Танская.
2. ҰОС 75-жылдығына арналған онлайн-көрме, Танская.

3. «Музей түні» ауқымды онлайн-жобасының дайындалуы - музей тобы О. Танскаяның жетекшілігімен
4. Балаларды қорғау күніне арналған интерактивті онлайн көрме – бүкіл бөлім
5. «Нашар еститіндер мен саңырау келушілерге арналған ым-ишара тіліндегі бейне-экскурсиялар» инклюзивті жобасы - Танская және Баженова.
6. ҚР МСМ бастамасымен «ONERGE SAIAHAT» ONLINE-жобасы – Танская, Оспан, Азимжанова, музейдің ғылыми қызметкерлері.
7. Музейдің 85-жылдығына арналған мерейтойлық іс-шара

МУЗЕЙДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК және ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖОБАЛАРЫ

Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ музейге келуші мүгедектігі бар көрермендерге қол жетімді болуына бағытталған маңызды әлеуметтік жобаларға әрдайым бастамашы болып отырады. Музейдің әлеуметтік жобаларының мақсаты – осыған мұқтаж жандарға шынайы көмек қолын созу.

2020 жылы маңызды қоғамдық мәнге ие болған бірқатар әлеуметтік жобалар жүзеге асты. Ресей Федерациясы Елшілігімен бірлесе өткізілетін Халықаралық қуыршақ көрмесі ойдағыдай дәстүрлі жоба болып үлгерді. Ресей және Қазақстан қуыршақшы шеберлерінің авторлық туындылары көрмеге қойылып, аукционға қатысады. Бұл – «Періштелер уақыты» авторлық интерьерлік қуыршақтардың аукцион алдындағы қайырымдылық көрмесі. Аукциондағы сауда-сатықтан түскен барлық қаражат муковисцидозбен ауыратын балаларға көмекке жіберіледі.

Музей әр түрлі мүгедектігі бар келушілер – тірек-қимыл аппараты бұзылған, көзі нашар көретін, менталдық бұзылуға ұшыраған жандармен ұдайы жұмыс істейді.

Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ мүгедектер қоғамымен және Тұңғыш Президент қорымен бірге есту қабілеті төмен және саңырау келушілер үшін ым тіліндегі субтитрлермен бейне-экскурсия ұйымдастырылды.

КӨРМЕ- ЭКСПОЗИЦИЯ ЖҰМЫСЫ

Музей коллекциясын қайта ұсынатын құрал - бұл көрмелер. Музей экспозициясы екі негізгі бөлімге бөлінген: тұрақты және уақытша көрмелер.



Тұрақты экспозиция 13 тақырыптық бөлімді қамтиды, олар: Қазақстан сәндік-қолданбалы өнері, Ә. Қастеевтің мемориалдық залы, 1930-1990 жылдардағы Қазақстан өнері (кескіндеме, мүсін) – 3 залда, Тәуелсіз Қазақстан өнері (2 галерея), XX ғасыр және қазіргі заман (заманауи шет ел өнері), орыс өнері, Батыс Еуропа өнері, Шығыс елі өнері. Жаңа бөлім көрермендерге XX ғасырдағы шет ел өнерін жаңартылған нұсқасында ұсынды. Сонымен бірге contemporary-art Тәуелсіз Қазақстан өнері бөлімімен толыққан Қазақстан бейнелеу өнері экспозициясына елеулі өзгерістер енгізілді.

Музей қызметі аясында түрлі көрмелер мен жобаларды белсенді түрде өткізетін Орталық көрме залы музейдің негізгі ғимаратындағы көрмелерден басқа, Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ құрылымдық бөлімшесі ретінде де жұмыс істейді.

Бөлім 3 сектордан тұрады:

Уақытша көрмелер секторы:

Сектор меңгер. Үсентаева А.

Суретші – безендіруші – Оспанов А.

Суретші – безендіруші – – Ділдабеков Б.

Уақытша қордың сақтаушысы – Бисебаева Д.

Тұрақты экспозиция секторы:

Сектор меңгер: Ахметова М.М (декретте)

Суретші-безендіруші: Цейтлин В.Ю.

Қараушылар -33 адам

Орталық көрме залы секторы

Зав.сектором – вакантная ставка

Суретші – безендіруші – Максут Дархан

Уақытша сақтаушы – Кожухова Т.

Уақытша қор сақтаушы – Нәжімеденов Т.

Бөлім жетекшісі Акилбекова А.Р.

Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ мен ОКЗ-да 2020 жылы өткен көрмелер

2020 жылы 27 көрме, оның ішінде 6 халықаралық, 2 республикалық, 9 қордан өткізілді

№	Күні	Көрменің атауы
1.	08.01-08.02.2020	Клим Лидің «Айналар парадоксы» жеке халықаралық көрмесі. Санкт-Петербург.
2.	11.01-25.01.2020	«Періштелер уақыты» авторлық интерьерлік қуыршақтардың аукционалды қайырымдылық көрмесі
3.	7.01-31.01.2020	Александр Хакимовтың «Сұлулық эволюциясы» жеке көрмесі
4.	14.02-15.03.2020	Е.Мергеновтің «Ретроспектива» жеке мерейтойлық көрмесі
5.	18.02-27.02.2020	И. Яреманың «Алғыс айтамын» жеке көрмесі

6.	05.02-01.03.2020	Иржи Пачинектің чех көркем шынысының «Шыны бағы» халықаралық жеке көрмесі. (Чехия Республикасы)
7.	06.03-06.03.2020	Қазақстандық белгілі суретші Сәкен Ғұмаровтың шығармашылығы бойынша «Құс жолы» жеке көрмесі
8.	03.03-02.04.2020	И.Стадничуктің «Шебердің оралуы» жеке мерейтойлық көрмесі
9.	20.02-20.03. 2020	«Таң-Шолпан» тәуелсіз әйел суретшілердің халықаралық көрмесі
10.	31 наурыз.2020 Онлайн.	МӨМ қорынан «Масатыдай құлпырған жердің жүзі» көрмесі
11.	18 мамыр 2020 онлайн	Музей суретші-қызметкерлерінің Халықаралық музей күніне арналған жыл сайынғы «Көктем нұры» көрмесі
12.	01.07-05.10. 2020	Николай Гаврилович Хлудовтың «Азия аспаны астында» жеке мерейтойлық көрмесі, суретшінің туғанына 170-жыл толуына арналған, Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қорынан
13.	Тамыз- қазан	Рустам Хальфиннің «Айналарсыз автопортрет» жеке көрмесі
14.	20.09-20.10. 2020	Алматының қала күніне арналған «Сенің қалаңның көшелері» көрмесі
15.	06.10-15.11. 2020	«Bank RBK» АҚ бірлесіп ұйымдастырылған «Абай – халық даналығы» мерейтойлық көрмесі. Көрме ұлы қазақ ақыны, ағартушы-философы, көркемсөз шебері Абай Құнанбаевтың 175-жылдығына арналды
16.	09.10. 2020 жыл	Қазақ КСР Халық суретшісі, Ш. Уәлиханов атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Евгений Сидоркиннің (1930-1982) туғанына 90-жыл толуына арналған «Менің Қазақстаным» жеке көрмесі
17.	14.10-14.11.2020	Суретші Ғалым Оспановтың «Эйкос+» көрмесі
18.	28.10-06.11. 2020	«Бұл ғажайып әрі нәзік әлем» көрмесі, ұйымдастырушы – «Қоқысты тоқтат!» жобасының аясында Қазақстан экологиялық ұйымдарының қауымдастығы
19.	03.11-13.11. 2020	Авторлық интерьерлік қуыршақтардың «Әрқашан бірге» төртінші халықаралық көрмесі
20.	18.11-18.12.2020	1920-1930 жж. «Идеялары бөтен...» кеңестік өнер көрмесі Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қорынан
21.	26.11-25.12. 2020	«Уақыт ағымына саяхат» фотокөрмесі, Қазақстандағы Гете-Институттың қолдауымен

		неміс баспасөз фотосурет шеберлері Эрих Заломон мен Барбара Клеммнің қатысуымен
22.	19.12.2020-19.12.23	Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қорындағы мұрағаттан фотосурет көрмесі
		Орталық көрме залы
23.	04.03-31.03 2020	«Көркем еңбек» мамандығы бойынша педагогтардың «Бабалар аманаты» республикалық көрмесі, көрме Абай Құнанбаевтың 175-жылдығына арналған
24.	06.03. 2020 жыл	Ә. Қастеев атындағы мектеп ұстаздарының көрмесі. Экспозиция бөліммен жасалды. Карантинге байланысты музей жабылып, ашылуы өткен жоқ.
25.	10.10.2020 жыл	А.М Невгодтың коллекциясынан «Өзбекстан кескіндемесінің антологиясы» көрмесі
26.	20.10.2020 ж.	И.В Тюниннің «Ұрпақтар палитрасы» жеке көрмесі және «Әлем балалардың көзімен» балалар көрмесі
27.	30.11-31.12. 2020 ж.	«Ретро шырша» шырша ойыншықтарының көрмесі

Бөлім қызметкерлері музейдің виртуалды жұмысы шеңберінде онлайн презентацияларды дайындауға және таныстыруға қатысты - 8 презентация, оның ішінде дәрістер, шеберлік сабақтары, бейнесабақтар.

Экспозиция бөлімінің есептік қызметі

1. Таңдалған залдарды косметикалық жөндеу - музейдің конференц-залының қабырғаларының түсін өзгерту, Қастеев залындағы қабырғаларды қалпына келтіру.
2. Бөлмелерді карантиндік режимге дайындау - таңбалау, шектеу, зарарсыздандыру құралдарын орналастыру және т.б.
3. 17-18 ғғ. кескіндемеге кергіштер жасау.
4. Этикетаждың жаңа дизайнын жасау, ескілерін сатылап ауыстыру.
5. Паспарту мен жақтаудағы графиканы безендіру – 66 сақтау бірлігі.
6. Барлық уақытша көрмелерге қабылдау және қайтару актілерін жүргізу.
7. Барлық уақытша көрмелердің экспонаттарының тізімінің мұрағатын құру.
8. Барлық көрмелер мен экспозициялардың аннотациялары мен афишаларының мұрағатын құру.
9. Қор сақтаушылармен бірге залдардағы экспонаттардың сақталу жағдайы мен өзгерістерін бақылау.
10. Климаттық бақылау құралдарын ауыстыру.
11. Залдарды дөңгелек үстелдер өткізуге даярлау.
12. Экспонаттарды ілудің бірыңғай деңгейін ұстау.
13. Теле-, фото-, кинотүсірілім және т.б. орындарына экспозициядан кейін қайтарылуы тиіс экспонаттар беру.
14. Музейдің қоғамдық өміріне араласу (залдарды семинарларға, концерттерге, түсіруге және мерекелік шараларға әзірлеу).
15. Музей залдарында түсірілімдер өткізуді қамтамасыз ету – 135.

Зал қараушылардың жұмысын бақылау

Бөлімнің тұрақты экспозиция секторы зал қараушылардың (33 адам) ағымдағы күнделікті жұмысын бақылады, атап айтқанда:

- экспонаттардың сақталуын қадағалау; приборлардың көрсеткенін түсіріп алу (температурасы және ылғалдылығы);
- этикетаждардың, оларды ілу деңгейінің жағдайы;
- музей залдарындағы экспонаттарды күнде есептеу және қозғалысы журналын енгізу;
- аға зал қараушылармен бірге 25 бөлімше бойынша зал қараушылардың кезекшілік графигін, демалыс графигін, дүйсенбі күндері және мереке күндері кезекшілік графигін, бекітіліп берілген бөлімшелерді жинау графигін және т.б. жасау;
- залдар мен галереялардың, баспалдақ алаңдарының, бөлім қор сақтау залдарының және т.б. жиналу сапасын бақылау;
- наурыз-сәуір айларында және күз айларында киіздер мен кілем бұйымдарын күйеден өңдеу;
- жылына екі рет ішкі аула аумағын құмырсқадан өңдеу жұмысын жүргізу.

Зал қараушылармен жиналыстар, жедел жиындар, экспонаттарды сақтау, оларды залдарға апару ережелерімен, ілу ережелерімен, қауіпсіздік техникасы ережелерімен таныстыру жөніндегі нұсқау жұмыстары ұдайы жүргізіледі.

МУЗЕЙДІ ЦИФРЛАНДЫРУ

Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ цифрландырудың негізгі бағыттарының бірі – көлемді экспонаттардың 3D көшірмелерінің цифрлық мұрағатын құру, осы бағыт аясында 2018 жылы 3D зертханасы құрылды, онда фотограмметрия әдісімен 3D сканерлеу техникасы мен технологиясы жасалған. 2020 жылы қор мүсін және Қазақстан СҚӨ туындыларының 3D үлгілерінің 1000 кескінімен толықтырылды.

2D цифрлық кескіндердің мұрағатын толтыру бойынша жұмыс жалғасуда. Қазіргі уақытта цифрландырылған экспонаттардың жалпы саны 17 мың сақтау бірлігінен асады. 2020 жылы 502 экспонат түсірілді.

Сандық 3D мұрағатты қауіпсіз сақтау, есепке алу және зерттеу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Осы мақсаттарға жету үшін музейде салқындатқыш және өрт сөндіру жүйелері бар серверлік бөлме бар, онда қауіпсіз сервер орнатылған (Интернетке қосылмаған). Тіркеу, сақтау және ғылыми мақсаттар үшін ААЖ УД деректерді жазудың автоматтандырылған жүйесі жасалды. Жүйе толығымен отандық өнім болып табылады және музей мамандарының талаптарын ескере отырып, ҚР МӨМ қажеттіліктері үшін арнайы жасалған. Жүйені әр түрлі бағыттағы музейлерге де бейімдеуге болады.

Бүгінгі күні музей экспозициясында жасалған 3D экспонаттарының цифрлық каталогын ұсыну формасы әзірленді. Экспозиция заманауи мультимедиялық техникалық бағдарламалық жасақтама құралдарымен, соның

ішінде: мультимедиялық дүңгіршектер, жоғары шешімдегі бейне проекциялау технологиялары, виртуалды шындық технологиялары енгізіледі.

Ақпарат және баспа қызметі бөлімі

Бөлім қызметі баспа қызметінің, музей жобаларын техникалық қолдаудың алуан түрін, музейдің кәде-сый өнімдерін дайындап жасауды қамтиды. 2020 жылы атқарылған жұмыс түрлері:

1. Ағымдағы күнтізбелік жыл ішінде бөлім қызметкерлері музейде өтіп жатқан іс-шаралардың 53 афишасын жасады.
2. Бейне дәрістерге 62 афиша жасалды.
3. Del Para компаниясымен музейдің кәдесыйын құру туралы келісім жасалды (музей жәдігерлердің суреттерін шығарылатын кәдесый өнімдеріне беру үшін ұсынады)
4. Музей мен ОКЗ аумағында өтетін барлық іс-шаралар электронды дүңгіршекте көрсетілген
5. 313 дана көлемінде афишалар, аннотациялар, бағдарламалар мен буклеттер басылды
6. 51 бейне-дәріс құрастырылды және өңделді
7. 18 баспасөз қабырғалары мен баннерлері жасалды
8. Бөлім қызметкерлері Музей көрмелеріне арналған 3 каталог жасады.
9. Музей экспонаттарының этикетажы мен залдарға аннотациялар толығымен қайта жасалды
10. Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнері және креативті экономика» Смитсон институтымен бірлескен халықаралық ғылыми қазақстандық-америкалық симпозиум нәтижелері бойынша жинақтың беттелуі
11. «Қастеев оқулары-2020» жинағының макетін жасау.
12. «Абай бейнесі қазақстандық суретшілердің көзімен» көрмесінің каталогының дизайны мен макетін жасау.
13. Қастеев оқулары-2020 конференциясы, Ульянов халықаралық телекөпірі сияқты онлайн-іс-шараларды техникалық қолдау
14. Музейдің компьютерлер мен ұйымдық техникалық техникаларды жөндеу және қызмет көрсету. Жыл бойына
15. Компьютерлерді бағдарламалық жасақтандыру – операциялық жүйе, антивирустарды жаңалау және орнату, бағдарламалар орнату және т.с.с.
16. LED-экрандағы ақпараттарды жаңарту – видеороликтерді құрстырып, орналастыру.
17. Кәде-сый өнімдерін дайындап, жасап шығару
18. Құжаттамаларды, музей каталогтарын, Мемлекеттік реестрге беретін мәліметтерді аударып, редакциялау – қазақ және орыс тілдерінде.

Ә. Қастеевтің музей – үйі

Ә. Қастеевтің музей-үйінің басты мақсаты – қазақ кескіндемесі кәсіби мектебінің бастау бұлағында тұрған суретші Әбілхан Қастеевтің көркемдік мұрасын зерттеу, сақтау және дәріптеу.

Музейдің құрылымдық бөлімшесі болатын музей-үйдің қызметі – келушілердің алуан тобын тарту, түрлі форматтағы жұмыстар жүргізу, соның

ішінде ғылыми және білім беру жұмыстары – суретшінің және суретшімен қатар қызмет еткен басқа да қылқалам шеберлерінің шығармашылығы жайлы дөңгелек үстелдер, студенттерге арналған шеберлік сағаттары мен пленэрлер ұйымдастыру, ғылыми конференцияларға баяндама жасап қатысу.

Жұмыстың шеңберінде ғылыми қызметкер Г. Жұбанова 16 экскурсия өткізді, Қастеев оқулары-2020 конференциясына қатысты. Музейдің виртуалды жұмысы аясында Қастеевтің музей-үйі туралы 20 минуттық бейнеролик дайындап, ұсынды. Музей-үйде Абай ТВ, Әл-Фараби және QazaqTV арналарының үш телебағдарламасының түсірілімдері өтті.

Музей-үй басқа да мемориалдық кешендермен – Алматы қаласындағы музей-үйлермен ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған. Аталмыш нысанға туристерді көптеп тарту мақсатында Алматының туристік ұйымдарымен жұмыс жүргізіледі. Үй мен оның айналасындағы оған тиесілі аумақты күтіп ұстау, мүмкіндігінше косметикалық жөндеу жұмыстарын жүргізу.

Инженерлік-техникалық қызмет және ғимаратты күтіп-баптау және қызмет көрсету бөлімі

- Музейді электр қуатымен, жылумен қамтамасыз ету және сумен жабдықтау және басқа да көрсетілетін қызметтермен жылдың басында барлық коммуналдық кәсіпорындармен келісімшарт жасалған (Энергосбыт, Бастау, ТоспаСу, Жылу жүйесі және т.б.)
- Қор сақтау залдарындағы, кітапханадағы және реставрация залдарындағы сүзгіштер ай сайын ауыстырылады.
- Кондиционерлердегі сүзгіштер ай сайын ауыстырылады.
- Кондициялау және желдету жүйелеріндегі заманауи профилактикалық, жөндеу және майлау жұмыстары жоспарлы түрде (тоқсан сайын) жүргізілді. Осы іс-шаралардың нәтижесінде қазіргі кезде барлық жабдықтар істен шықпай қалыпты жұмыс істеп тұр.
- Видеобақылауға, күзін дабылы және операторлық қызметтері жүйесіне профилактикалық жұмыстар уақтылы жүргізілді.
- Машина залдарында бекітілген график бойынша тазалау жүргізіледі, орнатылған жабдықтар сыпырылып, жуылады. Осының бәрі жабдықтардың дұрыс жұмыс істеуінің, сүзгіштерді таза ұстаудың кепілі, қорытындылай айтқанда, жабдықтардың уақытынан бұрын істен шығып қалуына жол бермейді әрі музей қаражатын үнемдейді.
- Төтенше және өрт қаупі бар оқиғаларды болдырмау үшін тоқсан сайын музейдің электр қуатын бөлетін негізгі қалқандарында байқау және профилактикалық жұмыстар жүргізіледі (ГРЩ-1, РЩ-2,3,4.).
- Төтенше және өрттегі қауіпті жағдайлардың алдын алу үшін электр кабельдері мен электр қалқандарына кәсіби сынақтар мен энергетикалық сараптама жүргізілді.
- Жылыту маусымының аяқталуына байланысты музейдегі, Орталық көрме залындағы және Ә. Қастеевтің музей-үйінің айналасындағы жылу және желдету жүйелері өшірілді.

- №1 тоназытқыш жабдықтың дұрыс және үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін жазғы кезеңде олар бойынша жалпы диагностикалық жұмыстар, фреон деңгейін тексеру және бақылау, сүзгілерді ауыстыру және басқа профилактикалық жұмыстар жүргізілді.
- Инженерлік-техникалық қызмет жұмыстарына қажетті материалдар мен қызметтерді сатып алу жүргізіледі, бағалық және коммерциялық ұсыныстарды іздеу тұрақты жүргізіледі.
- Көрмелердің экспозиция залдарында жоғары деңгейде өтуі үшін инженерлік-техникалық қызмет жұмысшылары жедел жұмыс істейді және залдарды дұрыс жарықтандырумен қамтамасыз етеді, температуралық режим мен ылғалдылықтың қажетті деңгейінің сақталуын қадағалайды.
- Төтенше жағдайлар мен карантин кезінде ИТҚ қызметкерлері әрдайым жұмыс орнында болды және өздерінің кезекшіліктері мен міндеттерін адал атқарды.
- Музей территориясындағы газондарды суғару жүйесі дұрыс жұмыс істеу мақсатында бұзылған, сынған жерлерін қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Қазіргі таңда суғару жүйесі жақсы істеп тұр.
- 650 дана сынапты люменцентті лампалар утилизацияға өткізілді
- Музейдің солтүстік жағынан қосымша жаңа шлагбаум орнатылды.
- П-6 нөмерлі ауа айдағыш қуатты қондырғы бойынша жөндеу жұмыстары жүргізілді.
- Барлық уақытта аумақ және ғимаратты жарықтандыру шамдары, көмсекі жарық бойынша жөндеу, қалпына келтіру жұмыстары жүргізіледі.
- Ішкі бақшада кілемдерді, текеметтерді кептіруге арналған темірден турникеттер жасалынды және орнатылды.
- ОКЗ бойынша негізгі РП-1, РП-2 электроқалқандарында профилактикалық жұмыстар жүргізілді. Жарамсыз, тозған ажыратқыш, сақтандырғыштар ауыстырылды, жаңаланды.
- Келісімшарт бойынша жұмыс істемей тұрған №2 чиллер (мұздатқыш) машинасының ақауларын анықтау мақсатында диагностикалық жұмыстар жасалуда.
- Кітапхана қорындағы кітаптарды, жәдігерлерді тікелей күн сәулесінен қорғау мақсатында шыны төбеге төсеніштер жайылды.
- ИТС бөлімінің электроперсоналдары әр жыл сайынғы білімін, қабілеттілігін және жұмыс барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша арнайы сараптамалық мекеме тарапынан экзаменнен өтуде.
- ОКЗ бойынша сыртқы және ішкі есіктері жөндеуден өткізілді. Дұрыс жабылмауына байланысты есіктің топсалары, тұтқалары ауыстырылды.
- Суық су құбыры бойынша апаттық жағдай орын алуына байланысты шұғыл түрде жөндеу/қалпына келтіру жұмыстары орындалды
- Сыртқы канализация желілері бойынша арнайы техникамен шаю, тазалау жұмыстары, зақымданған құбырды анықтау мақсатында бейнекамера диагностикасы жасалынды

- Жылу мезгіліне дайындық мақсатында жылу жүйесі бойынша гидропневматикалық жолмен шаю, тексеру және жылу мерзіміне дайындық актілерін, құжаттарын алу жұмыстары жасалынды
- Барлық вентиляция қондырғылары бойынша профилактикалық жұмыстар өз уақытында атқарылуда. Сүзгілік материалдар вентиляция құрылғылары және қор сақтау жайлары бойынша ауыстырылады. Машина залдары бойынша бактерицидті залалсыздандыру шамдары орнатылған.
- Шатыр бойынша қар, жаңбыр суларының ішке ағып кірмеуін тоқтату үшін жөндеу жұмыстары жүргізілді
- №№40,41,42,43,44,135 осы кабинеттер бойынша жылу жүйесін дұрыстау мақсатында қосымша 10секциялық батарея орнатылды, жылу құбырлары тартылды. Жарамсыз құбырлар ауыстырылды.
- Музей – үй бойынша жылу мезгіліне дайындық мақсатында элеватор торабында дәнекерлеу, жөндеу жұмыстары жүргізілді
- Сыртқы жарнамалық ЛЭД экран мониторы жөндеуден өтті. Істен шыққан қосалқы бөлшектері ауыстырылды.
- Газон жүйесін қысқы мезгілге дайындау мақсатында консервациялау, құбыр ішінде қалған қалдық суларды үрлеу жұмыстары жүргізілді.
- Мүздатқыш жүйесі бойынша консервациялау жұмыстары орындалды.
- Жерасты құбырларының бұзылуына байланысты ғимараттың солтүстік-шығыс жағынан сыртқы кәріз құбырларын жөндеу және ауыстыру.
- Түнде ғимараттың шығыс жағында тоңазытқышты және апаттық баспалдақты жарықтандыру үшін төбеге екі көше прожекторын орнату.
- Мәжіліс залында қосымша электр жабдықтары бар - сымдар, кабельдер. Залды безендіруге арналған жарық диодты жолақтарды орнатуға байланысты электр қалқандары жаңасына ауыстырылды.